

## Әуе кемелерін есептен шығару қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 сәуірде № 6868 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 14-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Әуе кемелерін есептен шығару қағидасы бекітілсін.

2. "Әуе кемесін есептен шығару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2005 жылғы 18 қазандағы № 221 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3930 тіркелген, "Заң газеті" 2005 жылғы 22 желтоқсандағы № 239(973) санында жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Құсайынов

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің  
2011 жылғы 9 наурыздағы  
№ 123 бұйрығымен бекітілді

## Әуе кемелерін есептен шығару қағидасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.07.2019 № 486 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Әуе кемелерін есептен шығару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.07.2019 № 486 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қағида Қазақстан Республикасының азаматтық авиациялық әуе кемелерінің Мемлекеттік тізілімде тіркелген азаматтық әуе кемелерін есептен шығару тәртібін реттейді.

3. Белгіленген күнтізбелік мерзімі, бекітілген ресурсы немесе мынадай себептермен жарамсыз күйге жеткен азаматтық әуе кемелері есептен шығаруға жатады:

- 1) физикалық тозығы жеткен;
  - 2) әуе кемесінің төзімділік сипаттағы бұзуға әкелген авиациялық оқиға;
  - 3) авиациялық оқиғаға әкелетін, оларды жою мүмкін болмаған немесе экономикалық орынды емес конструктивтік-өндірістік кемшіліктер болған;
  - 4) әуе кемесін жоюға;
  - 5) қонуға мәжбүр болған орыннан әуе кемесін көшіру мүмкін болмаған жағдайда.
- 4) Әуе кемесінен алынған жинақтамалық бұйымдар, бөлшектер мен агрегаттар және (немесе) қалпына келтіруге жататын авиациялық қозғалқыштары жөндеуден кейін жинақталады және одан әрі пайдалануға жатады.
- 5) Авиациялық қозғалқыштар, бөлшектер, агрегаттар және қалпына келтіруге жатпайтын жинақтамалық бұйымдар жинақталады және қайталама шикізатқа тапсырылады.

## **2-тарау. Әуе кемелерін есептен шығару тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.07.2019 № 486 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Әуе кемелерін есептен шығарудың мынадай тәртібі белгіленеді:

- 1) әуе кемесін есептен шығаруға комиссия құрылады;
- 2) есептен шығарылуға жататын әуе кемесін бағалау;
- 3) әуе кемесін есептен шығару актісін дайындау.

7. Әуе кемесін есептен шығару үшін әуе кемесін пайдаланушы (меншік иесі) әуе кемесін есептен шығаруға комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрады. Комиссия құрамына қызметіне мынадай мәселелер жататын:

- 1) техникалық қызмет көрсету, жөндеу және әуе кемесін пайдалану;
- 2) материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету;
- 3) техникалық және сапа жүйесін бақылау лауазымды тұлғалар кіреді.

Егер есептен шығаруға жататын әуе кемесі жөндеу кәсіпорнында болған жағдайда, жөндеу кәсіпорнында әуе кемесін есептен шығару жөніндегі комиссия құрылады және оның құрамына әуе кемесінің меншік иесі немесе оның сенімді адамы енгізіледі.

8. Комиссия әуе кемесіне бағалау жүргізеді:

1) осы Қағиданың 3-тармағына сәйкес әуе кемесін есептен шығару себептерін белгілейді;

2) әуе кемесіне тексеру жүргізеді, пайдалану құжаттамасын (формулярлар, төлқұжаттар, затбелгі) зерделейді;

3) әуе кемесінің одан әрі пайдалануға жарамсыздығын анықтайды;

4) есептен шығарылатын әуе кемесінің жинақтаушы бұйымдарын, құралдарын, бөлшектерін одан әрі пайдалану немесе пайдаланбау мүмкіндігін анықтайды.

9. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысанда әуе кемесін есептен шығару Актісі жасалады.

10. Есептен шығарылған авиациялық техниканың жинақтаушы бұйымдарын пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін Комиссия олардың техникалық жай-күйіне талдау және пайдалану құжаттамасына (формулярлар, төлқұжаттар, затбелгі) талдау жүргізеді. Олардың техникалық жай-күйін бағалауды нақтылау үшін олардың бөлшектеніп зертханаға немесе жасаушы кәсіпорынға тексеруге (уағдаластық бойынша) жіберілуі мүмкін.

11. Талдау негізінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес техникалық жай-күйін бағалау ведомосі жасалады, ол есептен шығару актісіне қоса беріледі.

12. Әуе кемелерін есептен шығарған кезде Есептен шығару актісі және Техникалық жай-күйді бағалау ведомосі 2 данада жасалады. Бір данасы әуе кемесінің пайдаланушысында (иесінде) қалады, екінші данасы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) жіберіледі және Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен әуе кемесін шығаратын бірден-бір құжат болып табылады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.07.2019 № 486 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Комиссия қол қойған және әуе кемесінің пайдаланушысы (иесі) бекіткен Әуе кемесін есептен шығару актісі мен Техникалық жай-күйді бағалау ведомосі Әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының түпнұсқаларымен бірге уәкілетті ұйымға есептен шығару актісіне қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жіберіледі.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.07.2019 № 486 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Мерзімінен бұрын тозу, пайдалану шарттарының бұзылуы, зақымдануы салдарынан авиациялық техниканы Есептен шығару кезінде есептен шығару актісіне комиссияның тергеу материалдары қоса беріледі.

15. Уәкілетті ұйым ұсынылған құжаттардың негізінде әуе кемесін есептен шығаруға құжаттарды қабылдаған сәттен бастап күнтізбелік 22 (жиырма екі) жұмыс күн ішінде шешім қабылдайды, әуе кемесін Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығарады. Әуе кемесінің пайдаланушысына (иесіне) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығарылғаны туралы куәлікті "Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, сондай-ақ оларға арналған құқықтарды куәландыратын құжаттар нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15553 болып тіркелген) бекітілген нысанда береді.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.07.2019 № 486 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Әуе кемесінің пайдаланушысы (иесі) әуе кемесін бөлшектеу мен ұшуға жарамсыз жай-күйге келтіруге кіріседі, ол туралы тиісті фотосуреттерін немесе басқа әуе кемесінің жойылғанын растайтын құжаттарды бере отырып, уәкілетті ұйымға күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде хабарлайды. Сонымен қатар барлық техникалық құжаттама жойылуға жатады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.07.2019 № 486 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Әуе кемелерін есептен  
шығару ережесіне  
1-қосымша

нысан

## Есептен шығару актісі

Біз төменде қол қойғандар, 200 \_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ бұйрығының негізінде тағайындалған комиссияның құрамы \_\_\_\_\_

төраға \_\_\_\_\_ және мүшелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ есептен шығару туралы шешім қабылдау үшін \_\_\_\_\_ үлгісінде айқындау белгісі, " \_\_ " \_\_\_\_\_ ж. зауыттан шыққан зауыттық нөмірі және \_\_ сағат \_\_ мин. өндірілген күннен бастап жұмыс істеген және \_\_ сағат \_\_ мин. соңғы жөндеу, \_\_\_\_\_ қону көлеміне қарай бар \_\_\_\_\_ жөндеумен жарамсыздыққа әкелген себеп \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

---

---

---

Бастапқы құны (қайта қалпына келтіру - қайта бағалау үшін) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ теңге. Бухгалтерлік есеп бойынша тозуға бөлінген сомасы \_\_\_\_\_  
теңге. Қалған құны \_\_\_\_\_ теңге. Есептен шығарудан шығындар \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (авария немесе күтпеген апат жағдайда), қалған  
құнынан басқа \_\_\_\_\_ теңге. Шығарылған және кірістелген жабдықтаушы  
бұйымдар, двигательдер \_\_\_\_\_ теңге. Металл темірінің құны (қара, түрлі-түсті) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ теңге. Техникалық жағдайын сипаттау \_\_\_\_\_

---

---

---

---

Ескертпе. Техникалық жағдайын сипаттау \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ сыртқы байқауының нәтижесін айқындау мен толық сипаттама беру және  
негізгі түйінін бағалау керек. Жабдықтаушы бұйымдардың техникалық жағдайын  
сипаттау осы актінің қосымшасы болып табылатын тізімге келтірілген.

Комиссияның қорытындысы \_\_\_\_\_

---

Комиссия төрағасы

Мүшелері

Авиакәсіпорынды пайдаланушы басшының қорытындысы

---

М.О. Тегі: Қолы:

Авиакомпанияның техникалық басшысының қорытындысы (авиажөндеу  
зауытының оқу орны)

---

М.О. Тегі: Қолы:

Әуе кемелерін есептен  
шығару ережесіне  
2-қосымша

нысан

**Техникалық жай-күйді бағалау  
ВЕДОМОСЫ**

жататын зауыт нөмірі " \_\_ " \_

20 ж. № бұйрығымен тағайындалған Комиссия құрамы:

төрағасы \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, инициалдары)

мүшелері \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, инициалдары)

есептен шығарушы әуе кемесінің жабдықтаушы бұйымдарының, авиадвигательдің техникалық жағдайын бағалау жүргізді және айқындады:

№ р/с	Бұйымның атауы	Үлгісі, сызу нөмірі	Зауыт нөмірі	Бағасы	Техникалық жағдайы	Әрі қарай қолдану туралы белгі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

Қозғалтқыш: жөндеуге жатады/жатпайды, қалпына келтіру.

Әуе бұрамасы: орнату (КВ қалағы, РВ құралдарды жөндеу).

Ұшырудың борттық қондырғысы.

Отын багы.

Май багы.

Отын сорғысы.

Сорғы станциясы.

Қозғалтқыш ілмегін тіреуіш (мотор астындағы редукторлы рамасы).

Май және отын-май радиаторы және т.б.